

ӘОЖ 101.1:316

**Өзіндік сана – еркіндіктің әлеуметтік-саяси мәні ретінде**

Ж.О. Қаңтарбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Аннотация.** Мақалада қазақ философиясының идеялық алғы шарты болып есептелетін түрік дүниетанымындағы еркіндік феномені қарастырылады. Орхон-Енисей жазбалары мен Баласұғын философиялық көзқарастарында ерекше орын алған түрік қоғамындағы әлеуметтік-саяси ұстанымдарға акцент жасалады.

*Түйін сөздер:* өзіндік сана, философия, еркіндік феномені, саяси ұстаным, дәстүр.

Бүгінгі таңда жаһандану кең өріс алып жатқан кезеңде, заманауи талаптар толқынында өзіндік сана мен өзіндік айқындау мәселелерін көкейден тыс шығаруға болмайды. Керісінше, жаңашылдықты бойымызға сіңіре отырып, тарихты жадымызда тек сақтап қана қоймай, сонымен қатар, өткен тәжірибені де негізге алғанымыз абзал. Себебі, бодандыққа түспеген кезеңдегі өзіндік сана берік болса, бодандықтан кейінгі сана үлкен өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Қазақ халқының бағына орай, қазіргі таңда тәуелділікке қол жеткіздік. Алайда, әлеуметтік-саяси еркіндікке жеткенімізбен, рухани еркіндік толыққанды жүзеге аспаған тәрізді. Сондықтан, өзіндік сананың тарихтағы көрінісін айқындау арқылы, бүгінде оны жаңғырту үшін кейбір аспектілерді негізге алсақ болар еді.

Қазақ философиясындағы еркіндік феноменінің маңызды идеялық алғышарты ретінде түркілік дүниетанымды айта кету орынды болар. Түркі халқы еркіндік феноменіне ерекше назар аударғандығын және де олардың тұрмыс тіршілігі мен өмірлік ұстанымдарындағы маңызды орын алғандығын құлпы тас мәтіндерінен-ақ байқау қиын емес. Алайда, Батыстық көзқараста еркіндік феномені қажеттілік, таңдау, ерік еркіндігі категорияларымен байланыстырылып жататын болса, түркі халқы үшін еркіндік феномені халқының азаттығымен, елдік пен ерлік ұғымдарымен, мемлекеттілік және бірлік сияқты ұғымдарымен анықталатынды. Оның куәсі ретінде Орхон-Енисей жазбаларын келтіруге әбден болады. И.В. Стеблева бұл көрініске мынандай баға береді – «Туған елінің тәуелсіздігі мен құлдыққа қарсы күресін, халқына және оның ерлеріне деген сүйіспеншілігін ақындық шабытпен жазған

Орхон текстерін белгілі бір ақындық дәстүрдің ортасында туған тарихи ерлік поэма деп тану әлдеқайда орынды» [1, 61 б.]. И.В. Стеблеваның пікірін М. Жолдасбеков қоштай келе былай жазады: – «Орхон жазбаларын кейбір зерттеушілер тарихи деректер жиынтығына жатқызады, енді біразы тарихи ерлік деп тануда. Қалай дегенде де өте ертеде жасалған бұл ескерткіштердің халықтар тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен, ой саласынан, әдет ғұрыптарынан, дәстүрінен құнды деректер беретін бағалы мұра екендігі даусыз» [2, 18 б.]. Әрине бұл сөздердің жаны бар, бұл сол кезеңнен сақталған асыл мұра, бірақ ең алдымен бұл түркі халықтарының жүрегінде еркіндікке деген құлшынысты жалындататын, ерлік рухын көтеретін баға жетпес мұра. Мейлін оны поэзия деп танысын, мейлін еркіндік дастаны десін, алайда қайткен күнде де осы мәтін арқылы біз түркі халқы үшін еркіндік ұғымының маңыздылығын байқай түсеміз. Сонымен қатар Е. Шаймерден бағзыдағы мұра туралы былай деп жазады: – «Азат ел, өз тізгіні өз қолындағы ел ғана арғы-бергісін, бар-жоғын батыл түгендеп, төл болмысын іздейді. Жиырма бірінші ғасырға жеке егемен ел, тәуелсіз мемлекет болып атанған Қазақстан Республикасының дербес шанырақ көтеруі – маңызды қоғамдық-саяси құбылыс ретінде тамыры тереңде жатқан ақиқат. Ол ізашар болмыстың аты – еркіндік, азаттық, елдік пен мемлекеттік идеялары. Олардың рухани болмысымыз бен ұлттық дүниетанымызға ежелден етене екендігіне, ұлттық санада ертеден-ақ ұрық сепкендігіне куәлік етері даусыз ғылыми айғақ – байырғы түркі өркениетінің жазба ескерткіштері» [3, 274 б.]. Түркі қоғамындағы мемлекеттілік пен елдің тұтастығы, әділ заң

мен әділетті басқарушыға байланысты екендігі, заң бар жерде елді бірлікте, жерді тұтастыққа ұстауға болатындығын жете білген. Соған мысал ретінде тағы да Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегіндегі игілікті мемлекет болу үшін қойған талаптарына зейін салайық:

«Бірі – шындық, әділеттің сәулеті,  
Ал, екінші – құт бақыттың дәулеті.  
Ол үшінші – ақыл-сана, атақ-ат  
Ал төртінші – ұстамдылық, қанағат» [4, 26 б.].

Бұл өсиеттен әділ заңның жүзеге асуындағы сақтықтың да маңыздылығын көруге болады. Жалпы түркі дүниетанымының бір ерекшелігі – олар өз еркіндігін, елін-жерін сақтап қалу үшін көптеген амалдарға барғаны айғақ. Яғни, өз саяси стратегиясында олар «икемді» саясатты ұстанған. Мүмкін түркі халықтарының сөздік қорының байлығы да сонда жатқан шығар. Себебі, түркілерге кейбір саяси жағдайларда басқалардың үлгілерін алуға да тұра келген. Бірақ соған қарамастан олар өз болмысын сақтап қала білген. Яғни мемлекеттің бекемдігі үшін әскердің, қорғаныстың, сақтықтың қажеттігін айта түседі. «Мәтінді зер сала оқығанда оның құрастырушының үш дәуірді ұстанғанын байқау қиын емес. Бірінші дәуір – түркі қағанаты пайда болғанынан табғаштарға тәуелділікке түскенге дейінгі кезеңді қамтып жатыр. Екінші дәуір – түркілердің табғаш билігінде жүрген жылдары. Үшінші дәуір – табғаш бұғауынан шығып, түркі мемлекеттігін қайта қалпына келтірген және этникалық территориясын ұлғайтқан заман. Үш дәуірдің де басты өлшемі ретінде азаттық идеясы алынған. Азаттықтан айрылған мемлекетке келетін ең басты апат – халқының қырылуы мен ар намысының тапталуы, әдет-ғұрпының бұзылуы екені айдай анық айтылады. Азаттықты ұстап тұрудың гаранты ретінде үш күштің бірлігі алға тартылған: бірі – ел басқарған қағанның білімді де білікті болуы, оның бұйрығы мен заңдарының түзулігі; екіншісі – халықтың ауыз бірлігі, таққұмарлық, аштықта тоқтықты түсінбейтін, тоқтықта аштықты ойламайтын жаман пиғыл қылықтардан ада жүру; үшіншісі – елін, жерін қорғай алатын батырларға сүйену. Мұның сыртында халықаралық ахуалды жіті қадағалап отырудың, көрші елдердің пиғыл, ой жоспарын қапысыз танып-білудің мемлекет қауіпсіздігіне тікелей қатысты екендігі

де назардан тыс қалмаған» [3, 140 б.]. Бек ұлдардың құл болғандығы, пәк қыздардың күң болғандығы, түркі бектерінің түркі аты жойылып, табғаш атына көшіп, табаны күректей елу жыл езгіге түскені баяндалады. Бұл мәселе қазақ халқы үшін қай заманда, қай кезеңде болмасын өзіндік жаһандық маңыздылығымен жалғасып келетін сияқты. Бүгінгі күнгі мемлекеттілік пен елдік идеяларындағы білімділік пен бірліктің, отаншылдық пен ел сүйгіштіктің, басқа кейбір мәдени мен саяси үлгілерді алғанына қарамастан, оларға мүлдем еліктеп кетпеуінің, жалтақтық пен алауыздықтан сақтанудың маңыздылығы ертедегі түркілік дүниетанымда да маңызды ұстанымдар болғандығын көруге болады.

Елдік, мемлекеттілік болу үшін қорғаныстың, қарудың, жаугершіліктің қажеттілігі мен маңызы Тоныкөк толғауларында ашық айтылады. Түркі қағанаты құрылғаннан бастап сөзі тәтті, қазынасы асыл табғаш билеушілері жымсық саясат жүргізгенін әшкерелеп, «игі, білгіш кісілерді, игі батыл кісілерді қозғалта алмады, – дейді ескерткіштегі жазу. Бір кісі жаңылса, рухы, халқы тұқымына дейін қалмас еді. Түркі елінің тұтастығы ынтымақта, барлық күштердің ұйытқысында екендігі түп нысана болып табылады. Елдік, азаттық, тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін қағанды құрметтеу, ақылгөйді тыңдау қажет болғанда төнген қауіпке қарсы аттанып, малды-жанды аямай, басыңды бәйгеге тігіп, қаптаған қалың жаумен соғысу, тіпті сол жолда мерт болу, батырлық рухты мадақтау, ердің қанаты – атты жырлау, қару-жаракты айту, жер-су аттары, болған оқиғаларды, тарихи есімдерді дәл көрсету, түркі халықтарының кейінгі эпикалық туындыларында өзек болған сан алуан ойлардың, сарындардың, мотивтердің қайнар көзі – мәңгі тасқа түскен жырларда жатыр. Осының бәрінің күретамыры: ел ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы.

А.Х. Қасымжанов өзінің «Стелы Кошо-Цайдама» деген еңбегінде түркі дүниетанымының зерттеулері бойынша былай жазған еді: «Этникалық лайықтылық пен ар-ожданды Йолығ-тегін мемлекеттің негізгі саяси күші деп есептейді. Ол өз халқын бөтеннің құндылықтарын әспеттеуден сақтандырады. Бұл принципті еркіндікті сүйетін рухы биік дала халқы қолдаған» [5, 20 б.]. Сонымен қатар А.Х. Қасымжанов өз еңбегінде тек қана түркілер үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзат үшін маңызды үлгі болатын мы-

нандай мысал келтірген еді: «...Ар-ұят, намыс пен ерлік, жалпы түркілік келісім, рухтандырушы идеялар мен көзқарастардың болуы – міне басқарушы да, бағынушы да бірдей дәрежеде ұстануға міндеттелетін дүниетанымдық тамыр осындай. Өзіңнің ұлттық ерекшелігіңді сезіну, оны бағалау және қандай жағдай болмасын бөтен құндылықтарға, бөтендік өмір салтына сатылып кетпеу – еркіндік пен халық тәуелсіздігінің негізі болып табылмақ. «Бөтеннің сыйына» сақтықсыз қарау, «тәтті сөздер» мен «асыл бұйымдарға» алдану өз артынан «білдіртпей» өз іс қимыл ережелерін енгізеді, ал содан кейін толық рухани бұғау мен нағыз құлдық келеді» [5, 79 б.].

Сонымен қатар, елдіктің негізі ретінде бірлік пен тірлік жүзеге асқан. Түркі халқы үшін, жалпы барша көшпелі халықтар үшін бірінші орында тұратын ол әрине кең байтақ кеңістік, еркін көшіп қону. Себебі, кеңістік көшпендінің болмысын айқындайды. Қатаң мемлекеттік билік, парасатты билік жүйесі – «бақытты мемлекет негізі»; түркі тектес халықтардың ұрпақтары игілікті өмір сүргісі келсе, осы жайды ешқашан ұмытпаулары керек. Адамдардың ізгі өмірі үшін ең бастысы – барлық әлеуметтік жүйе бөліктерінің дәрежелік орны мен өзара қызметтік бірлігінің біліктілікке жетуі деп санады Баласағұн.

Білікті, сауатты халық салауатты. Бұл әлеуметтік ұстанымға қоғамның түбірінен жаңғыру сәтінде, мемлекеттің жаңа саяси күйге көшу кезеңінде ұдайы назар аударып отыру қажет. Яғни, еркіндіктің тағы да бір құраушы негізі – ол Баласағұн айтып кеткендей – білім. Ежелгі грек философы Сократ еркіндікке тек таным арқылы, игілікті білім арқылы жетуге болады деп есептеген еді. Яғни, бұдан байқайтынымыз қай тарихи кезеңде, қай елде болмасын мемлекеттіліктің негізі, халықтың азаматтық санасының тіреушісі білімділік екендігі. Игілікті тәуелсіз мемлекетті жасаудағы тағы екі нәрсеге көңіл аударатын болсақ, оның бірі экономикалық хал-ахуал мен мемлекеттегі адамгершіліктік, рухани, моральдық бастамалар.

Баласағұнның айтуы бойынша, мемлекеттің тірегінің бірі экономикалық жағдайы жақсы дәулетті қоғам, алайда бұндай қоғамда арсыздықтың да, пендешіліктің де басым болуын жокқа шығармайды. Сол себептен де әділ заң мен әділ билеушінің, білім-парасаттың, байлық-дәулеттіліктің қатарына ынсап-қанағатты қойып отырғандығы бекер іс емес. Және оның

ойы бойынша еркіндіктің негізі тек әлеуметтік саяси еркіндікте ғана жатқан жоқ, ол ең алдымен адамның, әрбір азаматтың санасының еркіндігінде жатуы шарт. Мысалы осы мәселеге орай француз ойшыл-ағартушы Жан-Жак Руссоның мына пікірін келтіруге болады – «адам еркін болып туылады, бірақ ол үнемі бұғауда. Кейбіреулер өздерін басқалардың билеушісімін деп өзі туралы тым жоғары ойлайды, бұл оның олардан да асқан құл болуына кедергі жасамайды.» Философтың бұл «билеуші болып жүріп ақ-құл болуға болады» деген ойы жайында түркі данасы Баласағұн да былай дейді:

... Құлы малдың – дүниеге тоймаған,  
Есірке де, алдырмағын бойды оған.  
Бек те құл ғой ашкөздігін қоймаған,  
Ең жаманы адамның да – тоймаған... [4, 233 б.].

Барына қанағаттылық ол еркіндікке де, бейбітшілікке де, бірлік пен тірлікке де негіз болмақ. Ал қанағатсыздық көптеген соғыс, ұрыс керістердің себепшісі екендігі анық. Еркіндік пен құлдыққа Баласағұн өздігінше баға береді, басы азат, ешкімнің тәуелділігінде болмаса да, өз болмысында құл болатын адамдар мен басы біреудің иелігінде бола тұра жанымен, санасымен азат болатын адамдар да болатындығын көрсетеді. Алайда кейде құлдық сананың сіңісіп кететіні соншалық, мың жерден еркін болса да өзін құлша ұстайтын да бар, ал санасы құлдықтан азат адамдар басын игенмен құл деп атай алмассың.

Баласағұнның бұл идеялары ғұлама Абайдың философиясымен үндестік табады. Абайдың «пенде болма, адам бол!» – деген этикалық принципі қашанда өзектілігін жоғалтпаған сияқты. Баласағұнның «идеалды мемлекет» құрылымы ішкі рухани және сыртқы әлеуметтік еркіндіктен тұрады. Бұл жерде сыртқы еркіндікті қамтамасыз ететін әділ заң, адал басқарушы, сақтық пен қауіпсіздік, дәулетті қоғам, яғни бай экономика болатын болса, ішкі рухани еркіндікті құраушы факторлар ретінде Баласағұн білім мен парасатты, ерік еркіндігінің көрінісі ретіндегі рухани-моральдық тәртіп пен қоғамдағы әрбір адамның жеке басты мемлекет алдындағы жауапкершілігін көрсетеді. Қай кезеңде, қандай әлеуметтік жағдайда болмасын еркіндік феноменін адамзатты маңызды, бірақ көпқырлы жағынан көрініс тапқанын байқап келеміз. Біреулер үшін еркіндіктің негізі ішкі рухани еркіндік болса,

екіншілері үшін ол сыртқы факторларға, соның ішінде әлеуметтік, саяси және экономикалық шарттарға тіреледі, өзіндік қатаң қағидалары, моральдық және физикалық нормалары бар ислами қоғамда еркіндік жауапкершілік категориясымен айқындалады.

Жалпы қорытындылай келе, біздің тарихи, мәдени және идеялық бастауымыз болған түркі дүниетанымындағы еркіндік феноменінің әлеуметтік саяси және моральдық мәні аса зор екендігін және де түркі халықтары үшін ерлік пен еркіндік, жауапкершілік пен ынсап-қанағат, білімділік пен біліктілік категорияларымен, әділ заң мен адал басқарушының тірлігімен айқындалып отыратындығын айта кету керек. Қалай дегенде де еркіндік мәселесінің бұл категориялары, қағидалары мен принциптері қай кезеңде де өз маңыздылығын жоғалтқан емес, тіпті олар бүгінгі күндегі тәуелсіздік рухының арқа сүйер тірегі десек те артық болмас деп ойлаймын.

## Әдебиеттер

- 1 Стеблева И.В. Поэзия тюрков. – М., 1965. – 61 с.
- 2 Жолдасбеков М. Йолығ тегін Күлтегін. – Алматы: Жалын, 1986.
- 3 Шаймерден Е. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі рәміздік белгілер: көне түркілік танымы және тәуелсіздік идеясы. // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2001.
- 4 Баласағұн Й. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім. – Түркістан: Тұран баспаханасы, 2004.
- 5 Касымжанов А.Х. Стелы Кошо-Цайдама / Отв. за выпуск Замза Кодар. – Алматы: ТОО «Компания Printing System», 1998.

Ж.О. Қаңтарбаева

### Самосознание – как социально-политическая сущность свободы

В данной статье рассматривается феномен свободы в тюркском мировоззрении, что является идейной предпосылкой казахской философии. Акцент придается социально-политическим установкам тюркского общества, что ярко выражено в Орхон-Енисейских надписях и в философских воззрениях Баласагуни.

Ж.О. Қаңтарбаева

### Consciousness – as socio-political essence of freedom

The phenomenon of the liberty in Turkic world outlook is considered in the given article, which presents itself as ideological premises of Kazakh philosophy. The accent is given to social-political installation of Turkic society, which brightly denominated in Orhono-Eniseysk inscription and in philosophical outlooks of Balasaguni.